

Қоршаған ортаға эмиссия үшін 2010 жылға арналған төлем мөлшерлері туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы мәслихатының 2009 жылғы 29 желтоқсандағы N 20/5 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2010 жылғы 19 қаңтарда N 1735 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы мәслихатының 2010 жылғы 13 желтоқсандағы N 30/17 Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы мәслихатының 2010.12.13 N 30/17 Шешімімен

«Салық және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдер туралы» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV Қазақстан Республикасы Кодексінің 495-бабы 9-тармағына және 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңның 6-бабы 5-тармағына сәйкес облыстық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша 2010 жылға арналған қоршаған ортаға эмиссия үшін төлем мөлшерлері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оны бірінші ресми жариялаған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихаттың

Облыстық

XX сессиясының төрағасы

мәслихаттың хатшысы

Т. Ткаченко

Қ. Едіресов

Облыстық мәслихаттың XX сессиясының
2009 жылғы 29 желтоқсандағы № 20/5
шешіміне қосымша

Қоршаған ортаға эмиссия үшін 2010 жылға арналған төлем мөлшерлері

1. Төлемақы ставкалары салық кезеңінің бірінші күніне осы шешімнің 7 тармағындағы ережені есепке ала отырып, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК) мөлшерін негізге ала отырып айқындалады.

2. Тұрақты көздерден ластағыш заттардың шығарындылары үшін төлемақы ставкалары мыналарды құрайды:

р/с №	Ластағыш заттардың түрлері	1 тонна үшін төлемақы ставкалары (АЕК)	1 килограмм үшін төлемақы ставкалары, (АЕК)
1	2	3	4

1.	Күкірт тотықтары	10	
2.	Азот тотықтары	10	
3.	Шаң және күл	5	
4.	Қорғасын және оның қосындылары	1993	
5.	Күкіртсутек	62	
6.	Фенолдар	166	
7.	Көмірсутектер	0,16	
8.	Формальдегид	166	
9.	Көміртегі тотықтары	0,16	
10.	Метан	0,01	
11.	Күйе	12	
12.	Темір тотықтары	15	
13.	Аммиак	12	
14.	Алты валентті хром	399	
15.	Мыс тотықтары	299	
16.	Бенз(а)пирен		498,3

3. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын алауларда ілеспе және (немесе) табиғи газды жағудан ластағыш заттардың шығарындылары үшін төлемақы ставкалары мыналарды құрайды:

р/с №	Ластағыш заттардың түрлері	1 тонна үшін төлемақы ставкалары (АЕК)
1	2	3
1.	Көмірсутектер	2, 23
2.	Көміртегі тотықтары	0,73
3.	Метан	0,04
4.	Күкірт диоксиды	10
5.	Азот диоксиды	10
6.	Күл	12
7.	Күкіртті сутегі	62
8.	Меркаптан	9966

4. Қозғалмалы көздерден атмосфералық ауаға ластағыш заттардың шығарындылары үшін төлемақы ставкалары мыналарды құрайды:

р/с №	Отын түрлері	Пайдаланылған отынның 1 тоннасы үшін ставка (АЕК)
1	2	3
1.	Этилденбеген бензин үшін	0,66
2.	Дизель отыны үшін	0,9
3.	Сұйытылған, сығылған газ үшін	0,314

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2010.07.23 N 27/4 Шешімімен

5. Ластағыш заттардың шығарындылары үшін төлемақы ставкалары мыналарды құрайды:

р/с №	Ластағыш заттардың түрлері	1 тонна үшін төлемақы ставкалары (АЕК)
1	2	3
1.	Нитриттар	670
2.	Мырыш	1340
3.	Мыс	13402
4.	Оттегіне биологиялық сұраныс	4
5.	Тұзды аммоний	34
6.	Мұнай өнімдері	268
7.	Нитраттар	1
8.	Жалпы темір	134
9.	Сульфаттар (анион)	0,4
10.	Өлшенген заттар	1
11.	Синтетикалық бетүсті-белсенді заттар	27
12.	Хлоридтер (анион)	0,1
13.	Алюминий	27

6. Өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастырғаны үшін төлемақы ставкалары мыналарды құрайды:

р/с №	Қалдықтардың түрлері	Төлемақы ставкалары (АЕК)	
		1 тонна үшін	1 гигабеккерель (Гбк) үшін
1	2	3	4
1.	Өндіріс пен тұтынудың қалдықтарын полигондарда, жинақтауыштарда, санкцияланған үйінділерде және арнайы берілген орындарда орналастырғаны үшін:		
1.1.	Коммуналдық қалдықтар (тұрмыстық қатты қалдықтар, қазарту құрылғыларының кәріздік тұнбасы)	0,38	
1.2.	Қауіптілік деңгейін ескере отырып өнеркәсіптік қалдықтар:		
1.2.1	«қызыл» тізім	14	
1.2.2	«янтарь» тізім	8	
1.2.3	«жасыл» тізім	2	

1.2.4	жіктелмегендер	0,9	
1.3.	Бұдан басқа:		
1.3.1	аршынды жыныстар	0,004	
1.3.2	жанас таужыныстары	0,026	
1.3.3	байыту қалдықтары	0,02	
1.3.4	шлактар, шламдар	0,038	
1.3.5	күл мен күлшлактар	0,33	
1.3.6	ауыл шаруашылығы өндірісінің қалдықтары	0,018	
1.3.7	Техникалық және элементарлық күкірт	3,77	
2.	Радиоактивтік қалдықтарды орналастырғаны үшін, гигабеккерельмен (Гбк):		
2.1.	Трансуранды		0,76
2.2.	Альфа-радиоактивті		0,38
2.3.	Бета-радиоактивті		0,04
2.4.	Шынақты радиоактивті көздер		0,38

7. Коэффициенттер мыналарға қолданылады:

1) Осы шешімде орнатылған төлем мөлшерлеріне Қазақстан Республикасының энергия өндіруші ұйымдарының және коммуналдық қызметтер көрсеткен кезде құрылған эмиссиялардың көлеміне табиғи монополиялар субъектілері үшін:

2 - тармақпен, - 0,3;

5 - тармақпен, - 0,43;

6-тармақпен, 1.3.5. жолымен, -0,05;

2) коммуналдық қалдықтарды орналастыруды атқаратын полигондар үшін тұтас-тұрмыстық қалдықтардың көлемі үшін, тұратын орны бойынша жеке тұлғалармен құрылатын төлем мөлшерлеріне, 1.1. жолмен 6,-0,2 тармақтағы.

8. Осы шешімнің 7-тармағында көзделген коэффициенттер қоршаған ортаға эмиссиялардың нормадан тыс көлемдерінің төлемдеріне жатпайды.